

Натрий бихроматының әсері кезіндегі жүрек қан тамырларының мүше ішілік ангиогенезін тәжірибе жағдайында зерттеу.

6D110100 – «Медицина».

Орындаушы: докторант Жұмабай Н.А.

Ғылыми жетекші: м.ғ.к. Рахманов С.Б.

Ғылыми кеңесші: Нейрофизиология институтының директоры, м.ғ.д., профессоры Юрген Хесшелер, Кельн университеті (Германия).

* 1957 *

ЗЕРТТЕУ МАҚСАТЫ:

Егеуқұйрықтардың жүрек қан тамырларының мүше ішілік ангиогенезін бихромат натрийдің әсері нәтижесінде болатын морфологиялық өзгерістердің динамикасын зерттеу.

ЗЕРТТЕУ МІНДЕТТЕРІ:

1. Аталық егеуқұйрықтардың жедел және улану тобындағы жүрек қан тамырлары ангиогенезін динамикалық бағалап, түр – тұқым ерекшеліктерін анықтау, тармақталу түрлеріне байланысты сипаттау;

2. Аналық егеуқұйрықтардың жедел және улану тобындағы жүрек қан тамырлары ангиогенезін динамикалық бағалап, түр – тұқым ерекшеліктерін анықтау, тармақталу түрлеріне байланысты сипаттау;

3. Аталық және аналық егеуқұйрықтардың жүректерінің қан тамырларының ерекшеліктерін салыстырмалы бағалау.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ МЕН МАТЕРИАЛДАРЫ:

I. Клиникалық зерттеу

Зерттеуге Марат Оспанов атындағы БҚММУ Ғылыми зерттеу отралығындағы “Вивари” лабораториясындағы тексіз егеуқұйрықтар. Саны – 200, салмағы -250-300 гр. 2 топқа бөлінеді:

1 топ аталық	жедел улану тобы	2 топ аналық	жедел улану тобы
	созылмалы улану тобы		созылмалы улану тобы

II. Тәжірибелік зерттеу

- Морфометриялық әдіс; тармақтары, диаметрі, ұзындығы, бөліну бұрыштары, тамырлар симметриялығының көрсеткіштері анықталады.
- Иммуногистохимиялық әдіс; Ван Гизон әдісі арқылы бояу
- Электрондық микроскопия.

Зерттеу дизайны: бақылаулы рандомизерленген морфологиялық тәжірибелік зерттеу

III. Статистикалық өңдеу

STATIATICA 10. Кездейсоқ іріктеме жасау.

ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҒЫ:

1. Алғашқы рет экологиялық аумақтардағы жиі кездесетін экзогенді токсиндердің әсерінен жүрек тамырларының ангиогенезі дәрежесі, стереоморфологиялық көрсеткіштері анықталады;
2. Алғашқы рет, аталық және аналық егеуқұйрықтар жүрегiнiң тәждiк арнасымен салыстыру арқылы, сәйкестiк морфофункциональдық көрсеткіштері бағаланады.

ЗЕРТТЕУДІҢ БОЛЖАМ НӘТИЖЕСІ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

1. Жүректің тәждік арнасының жастық ерекшеліктеріне байланысты анықталған морфометриялық көрсеткіштері, жүрек қан тамырларының ангиоархитектоникасын жүйелендірудегі мәліметтерді толықтырып, жүректің ишемиялық ауруларының болжамын жасауға мүмкіндік береді.

2. Адам және жануарлар жүрегі қан тамырларының арасындағы анықталған салыстырмалы стереоморфологиялық көрсеткіштері, олардың ауытқу ауқымы мен сәйкестік көрсеткіштері кардиохирургия саласында эталон ретінде пайдаланылады.

Назарларыңызға рахмет!